

Валюта операцияларын жүргізу үшін аудиторлық фирмаларды іріктеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бірінші орынбасарының Өкімі 26 сәуір 1994 ж. N 4-14-ө. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

1. "Қазақстан Республикасында валюта нарығын дамыту жөніндегі

шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Президентінің 1993 жылғы 31 желтоқсандағы N 1484

U931484_

Жарлығына сәйкес экспорттаушы

кәсіпорындарда валюта операцияларының дұрыс жүргізілуін тексеруді жүзеге асыру үшін аудиторлық фирмаларды конкурспен іріктеп алуды қамтамасыз ету мақсатында мынадай құрамдағы Комиссия құрылсын:

Айымбетов С.С. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің төрағасы (төраға)

Баранов А.П. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі төрағасының бірінші орынбасары

Костюченко В.В. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары

Сазанов С.С. - Қазақстан Әлем Банкі басқармасы төрағасының бірінші орынбасары

2. Комиссияның жұмыс органы болып Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті белгіленсін.

3. Комиссия бір апта мерзімде "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда", "Қазақстан жаршысы" және "Вестник Казахстана" газеттерінде конкурсқа қатысу

үшін қажетті құжаттардың тізбесін, тәртібі мен тапсырылу мерзімін жариялайтын болсын.

4. Конкурстан өтіп, тексерулерді жүзеге асырған аудиторлық

фирмалар Комиссияға анықталған тәртіп бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі қажетті ұсыныстармен қоса нәтижелері туралы есеп табыс ететін болып белгіленсін.

5. Комиссияға тексеруге және аудиторлық анықтамалар мен қорытындыларда баяндалуға жататын мәселелер тізбесін әзірлеу және тексерулер нәтижелері туралы аудиторлық фирмалар есебін Үкіметті хабардар ету үшін қорытындылау жүктелсін.

Премьер-министрдің
Бірінші орынбасары